



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ /
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ /
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

Бекітілген / Утверждено

Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылыми әдістемелік кеңес
отырысында / На заседании Научно-методического
Совета КазНПУ им. Абая
ҒӘК төрағасы / Председатель НМС

Ректор / Ректор Т. Балыкбаев

Хаттама / Протокол № 1 от «29» 04 2018 ж/г.

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГІ / КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВНЫХ ДИСЦИПЛИН

Мамандық бойынша / По специальности _6D021300-Лингвистика
2018/2019 оқу жылы / учебный год

ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМІ БЕРУ ИНСТИТУТЫ / ИНСТИТУТ ФИЛОЛОГИИ И ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ
ҚАЗАҚ ТІЛІ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ КАФЕДРАСЫ / КАФЕДРА ТЕОРИИ И МЕТОДИКИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Авторы: Балтабаева Ж.К. *Ж.К.*

Мамандық/Специальность 6D021300-Лингвистика Академиялық дәрежесі/Академическая степень 6D021300-Лингвистика мамандығы бойынша философия докторы/(PhD) / _Доктор философии /(PhD) по специальности 6D021300-Лингвистика

№ п/п	Пәндер коды/ Коды дисциплины	Пәндер атауы/ Наименование дисциплины	Пәннің қысқаша мазмұны, мақсаты, негізгі тараулары, Цель изучения дисциплины, краткое содержание, основные разделы	Кредит саны/ Количество кредитов		Семестр	Пререквизиттер/ Пререквизиты	Постреквизиттер/ Постреквизиты	Құзіреттіліктің қалыптасуы (Оқу нәтижесі) Формируемые компетенции (Ожидаемые результаты)
				KZ	ECTS				
1	ML 7201	Медиалингвистика /Медиалингвистика	Тіл ғылымындағы сөйлеу әрекеті мен әктісі синтаксисінің, стилистикасының прагматикасын ғылыми-теориялық негізінде зерттеудің негіздемесін қарастыру, прагмалингаистика ғылымының қалыптасу тарихы мен зерттеу әдіс-тәсілдерін, одан туындайтын медиа- мәтін тілдерінің коммуникативтік жағдаят пен пресуппозиция, пропозиция құбылыстарының прагматикалық, коммуникативтік, когнитивтік парадигмасын бір-бірінен ажырата отырып зерттеуді, ауызекі сөйлеу тілінде вербалды интеракция бойында қалыптасқан сөйлеу әктілерінің жанрлық түрлерін, тілі мен стилін ғылыми-әдістанымдық негізде зерттеуге бейімдеу болып табылады. Медиалингвистика	3	5	1	Қазіргі тіл біліміндегі өзекті мәселелер. Тіл білімінің жаңа бағыттары.	Мәдениаралық коммуникацияның прагмалингвистикалық негізі	Қазақ тіл біліміндегі антропоөзекті бағыттардың ішіндегі прагматикалық парадигма аясындағы жаңа зерттеу тәсілдерін терең меңгереді. Прессуппозиция, иллокутив, дискурс, ауызекі сөйлеу тілін қабылдау, медиамәтін, прагматикалық стиліндегі мәтіндер мазмұн автор мен оқырман қабылдау деңгейімен салыстыра зерттеуді үйренеді. Медиалингвистиканың және лингвоаксиологияның , концепт ұғымдарының өзіне тән белгілерін, зерттелуін, сөйлесімдегі міндеттерін біледі; В4 Медиалингвистиканың және лингвоаксиологияның ерекшеліктерін түсінеді және құндылықтарды іске асыратын құралдарды меңгереді; қазіргі құндылықтарды бағалаудың түрлері туралы білімді өзінің теориялық білімдерін қолдана алады; Тілге қатысты жаһандық мәселелерді талдай алады. Тілдің танымдық қызметі арқылы қоғамдық-әлеуметтік өмір мен ғылым-білімді ұштастыра келіп, болашақ маманның дүниетанымын жетілдіріп, өзінше ой-пікір түйіндей білуді меңгеруі керек. Өзінің интеллектуалдық, адамгершілік, коммуникативтік дағдыларын дамыта алады;

			ғылымының қалыптасу тарихы мен зерттеу әдіс-тәсілдері. Медиаөтін тілдерінің коммуникативтік жағдаят пен пресуппозиция, пропозиция құбылыстары. Прагматикалық, коммуникативтік, когнитивтік парадигмасын бір-бірінен ерекшеліктері						
2		Мәтін интерпретациясы/ Интерпретация текста	Мәтін интерпретациясы - 1) нақты тілде ұсынылған кейбір синтаксистік аяқталған мәтіннің мағынасына түсініктеме беру; 2) мәліметтерді, әдетте, программада немесе оның қандай да бір үзіндісінде (операторда) агрегациялаудың, алгоритмдік мәнін автоматты түрде табу мен талдауды орындау.				Тіл білімінің жаңа бағыттары	Көркем мәтін поэтикасы	Интерпретация теориясы мен тәжірибесіндегі басты мәселе – оның орынды, орнықты, шындыққа сай, яғни адекватты болуында. Ең алдымен шығарманың шынайы мәнін, терең қабаттарын түсіну үшін интерпретация жасалады. Автордың айтайын деген ойын дәл межелеп, мәтіннің мағынасын, тереңінде жатқан астарын дұрыс әрі орынды зерделеу мақсатында зерттеушілер кейде бірін-бірі сынап, қызу пікірталастарға барады. Интерпретацияның танымдық мақсатын талдаудың басқа түрлері – оның концепциясын айқындау немесе шығарманың көркемдік ерекшелігін анықтау, болмаса зерттеушінің ешкімге ұқсамайтын ерекше ойын, көзқарасын білдіруге ұмтылуы т.т алмастыра алмайды. «Интерпретация дегеніміз – <i>өзінің</i> түсінуі» деген қарапайым қағидаға ден қойсақ, мұндағы «өзінің түсінуі» - авторға қарама-қарсы, одан өзгеше түсіну деген сөз емес, керісінше шығарманың сырын ұғу мақсатында оны «өз жүрегіңнен өткізу» болмақ. Интерпретация – көркемдік тұтастықты ғылымның тәсілдері арқылы тану.
3		Лингвоаксиология	«Лингвоаксиология	3	5	1	Паралингвистика	Менталды лингвистика	«Лингвоаксиология негіздері» <i>пәнін оқу</i>

		негіздері/Основы лингвоаксиологии	<p>негіздері» <i>пәнінің мақсаты</i> – құндылықтардың құрылымы мен сипатын, олардың онтологиялық статусы және құндылық пайымдаулардың табиғаты мен ерекшелігін түсіндіре отырып, білім алушыларда тілдің әлеуметтік құндылықтар жүйесін құраушы негіз болатындығы жайында білік, дағдыларды қалыптастыру.</p> <p>«Лингвоаксиология негіздері» <i>пәнінің негізгі міндеттері</i>: пәннің өзіндік ерекшелігі, адамның тілдік деңгейде ғана шынайы болмысқа деген өзінің ішкі қарым-қатынасын айқын және бейнелі түрде бағалап білдіре алатындығын, құндылықтарды бағалау категориясының маңызын, бағалаудың объектісі мен субъектісі, бағалау маркері туралы, бағалай білудің қоршаған ортаны тани білудегі рөлі, жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтарды тани білудің мәні, жеке тұлғаның әлеуметтенуі барысында жинақталатын құндылықтар жүйесі және құндылықтардың түрлері туралы жан-жақты ғылыми-теориялық және практикалық білім беру.</p> <p>Құндылықтардың табиғаты, мәні</p> <p>Концептілер – ұлттық танымның көрінісі</p> <p>Лингвоаксиология және мәдениет</p>			<p>(Паралингвистикалық амалдардың қызметі мен түрлері. Паралингвистикалық амалдардың шығу тегі. Паралингвистикалық амалдардың ұлттық-мәдени ерекшелігі. Көркем шығарма және паралингвистикалық амалдар)</p> <p>Күрделі аталымдар: когнитивтік семантика (Тіл біліміндегі аталым теориясының ұстанымдары мен заңдылықтары, уәждеме теориясы, түрлері, метафоралы аталым)</p>	<p>Фразеологиялық семантика</p>	<p><i>негізінде докторант</i>: лингвоаксиологияның тіл туралы басқа ғылымдармен байланысын, айырмашылығын таба білуі керек; лингвоаксиологияның зерттеу нысаны мен қарастыратын мәселелерін, зерттеу бағыттарын анықтай алуы тиіс; лингвоаксиологияның негізгі ұғым-түсініктерін нақты мысал арқылы дәлелдей алуы тиіс; лингвоаксиологияның түрлерін бір-бірінен ажырата алуы керек; жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды тілдік тұрғыда ажырата білуді <i>меңгеруі керек</i>.</p> <p><i>Пәндік құзыреттілік</i>: лингвоаксиологияның ерекшеліктерін түсінеді және құндылықтарды іске асыратын құралдарды меңгереді; қазіргі құндылықтарды бағалаудың түрлері туралы білімді игереді; өз мамандығы бойынша іргелі заңдарды және олардың теориялары туралы жүйелі білімді игереді;</p> <p><i>Жалтымәдени құзыреттіліктер</i>: тіл мен адамның жеке тұлғасының бірлігі идеясын <i>игеріп</i>; ақпараттарды қабылдау, сақтау, өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдерін және құралдарын <i>қолданады</i>, әлеуметтік өзара әрекеттестік құруда білім беру үдерісіне қатысушылардың этно-мәдени және конфессионалдық ерекшеліктерін ескеруге <i>қабілетті</i>; адамгершілік нормасы мен өнегелі мінез-құлық негіздерін <i>меңгерген</i>; ғылыми зерттеуді ұйымдастыру ұстанымдарын, ғылыми білімге қол жеткізу мен оны реттеу тәсілдерін <i>жете түсінеді</i>; таным тәсілдерін ажырата білуге <i>қабілетті</i>.</p>
--	--	-----------------------------------	--	--	--	---	---------------------------------	--

			Әлемнің тілдік және концептуальдық бейнесі Мәдениет әлемі – құндылықтар әлемі. Абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар Фразеологиялық тіркестердегі ұлттық құндылықтар Көркем мәтін және лингвоаксиологиялық талдау						
4		Лингвомәдениеттанымның негіздері/ Основы лингвокультурологии	Лингвомәдениеттаным – тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағыт Бұл саладағы ғылыми еңбектердің тіл – тілдегі фразеологизмдердің тұлғалық, мағыналық жақтарының күрделілігіне қарай, зерттеу әдістерінің бағыт - бағдары әр алуан.				Когнитивтік лингвистика	Фразеологиялық семантика	Тілдің қызметі тек коммуникативтік емес, тіл-этномәдени ақпаратты жинап, сақтаушы, жеткізуші, келесі ұрпаққа жалғастырушы, сайып келгенде, бір бүтін етіп тұтастырушы. Сондықтан да қазіргі қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениет сабақтастығын, атап айтқанда, тілдің бойындағы ұлттық сипатты, ұлттық рухты тануға негізделген когнитивтік лингвистика, оның лингвомәдениеттану, этнолингвистика т.б. салалары өріс алып келе жатыр. Кез келген тілдік құбылыстың табиғатын оның тек тілдік заңдылықтарына сүйеніп қана қоймай, сонымен қатар халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне, ұлттық болмысына назар сала қарау лингвомәдениеттаным (тіл мен мәдениеттің өзара қатынасы негізінде ұлт мәдениетінің тілде сақталуы, тілде көрініс табуы, сол тіл арқылы ұлтты, оның мәдениетін таныта білудегі ерекшеліктер)пәнінің үлесіне тимек.
5	ML 7202 TD 7202	Әлем лингвистикасы/ Мировая лингвистика	әлемдік лингвистика тарихы мәселесімен таныстыруымен қатар, олардың жалпы тілдердің дамуы мен қалыптасуының ғылыми негіздермен қаруландыру, тіл тарихын, сол халықтың мәдениетімен, тарихи дамуындағы, кезеңдеріндегі	3	5	1	Тіл біліміне кіріспе, Жалпы тіл білімі, Қазіргі қазақ тілі.	Паралингвистика, тіл және концепт, функционалды тіл білімі	<i>Білімі:</i> әлем тіл біліміндегі лингвистикалық теориялардың Отанын, идеяның туу себептерін біледі. <i>Шеберліктері:</i> адамзат тарихындағы тілді қолданудағы шеберліктер: дұрыс сөйлеу, ойын тұжырымдау, пікірлермен санасуға үйренеді. <i>Дағдылары:</i> әлем лингвистикасындағы теориялық негіздерді меңгереді; ғылыми-зерттеу еңбектерін оқып-талдау, баға беру.

			<p>тұжырымдарды, ғылыми көзқарастарды бағамдауға үйрету.</p> <p>Модуль Шығыс тіл білімі тарихы: Әлемдік лингвистика тарихы пәні, нысаны, негізгі мәселелері. Қытай тіл білімі тарихы. Үнді тіл білімі тарихы. Араб тіл білімі тарихы. Жапон тіл білімі тарихы. Бирма, Тибет, Индонезия және Малайзия тіл білімдері тарихы. Иран тіл білімі тарихы. Армян тіл білімі тарихы. 2 Модуль Батыс тіл білімі тарихы: Грек тіл білімі тарихы. Рим тіл білімі тарихы. Орыс (Ресей) тіл білімі тарихы. Түркі тіл білімі тарихы. Түркітанудың қалыптасуы. Түркінің тұңғыш лингвистері. Әлемдік тіл білімі тарихынан материалдармен жұмыс. Әлемдік тіл білімі тарихында қазақ тілі білімінің алатын орны.</p>				<p>таңдай білуге, оларды практикалық қолдана білу дағдыларын қалыптастырады; тіл білімінің әлемдік деңгейін ғылыми тұрғыдан зерттеп-тану қабілеттерін дамыту, өз бетімен әлемдік озық тәжірибелерін жинақтайды, оларды талдай білу машықтарына дағдыландырады.</p>
6	Функционалды грамматика/ Функциональная грамматика	Функционалды тіл білімі — тілдің қарым-қатынас құралы ретіндегі қызметін сипаттайтын бағыттар мен көзқарастардың жиынтығы. Қарым-қатынас құралы ретінде тілдің қызметіне басты назар аударатын құрылымдық <u>лингвистика</u> <u>ын</u> бір тармағын құрайтын бағыттар мен мектептер. Функционалды тіл білімінің негізін қалағандар — И.А. Бодуэн де Куртене, Ф. де			Жалпы тіл білімі, Қазіргі қазақ тілі.	Тіл білімінің жаңа бағыттары	Функционалды грамматика пәнін оқыту арқылы білім алушы мәдениетаралық коммуникацияда тілдің типтік белгілерін, айырмашылықтарын ажыратып пайдалана біледі.

			<p>Соссюр, О.Есперсен. Функционалды тіл білімінің негізгі принципі — тілді сөйлеу құралдарының белгілі мақсат көздеген жүйесі деп тану.. Қазіргі таңда функционалды тіл білімі зерттеудің әр түрлі аспектілері мен бағыттары пайда болып, даму үстінде: Функционалды тіл білімінің басты ерекшелігі — тілдік құралдар қызметі жүйесінің сөйлеу барысында мағына мен мәнді берудегі ортақ заңдылықтарын айқындау, яғни грамматикалық бірліктердің, лексикалық жүйе мен контекстің арасындағы ортақ заңдылықтар сөйлеуге қатысты анықталып, талданады.</p>						
7	ML 7304/ ML 7304	Тіл және концепт / Язык и концепт	<p>Пәнді оқытудың мақсаты: «Тіл және концепт» пәнінің мақсаты – тіл біліміндегі танымдық теорияның ғылыми негіздерін, оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидаларын меңгерту..</p> <p>Докторанттардың тіл мен таным бірлестігі туралы ғылыми-теориялық білімдерін қалыптастыру.</p> <p>«Тіл және концепт» пәнінің негізгі міндеттері: Негізгі мақсаттың жүзеге асуы үшін орындалатын міндеттер: тіл білімі мен когнитивтік лингвистиканың бір-бірімен байланысын көрсете білу; тіл біліміне қатысты таным теориясының – негізгі қағидаларын игеріп, оны</p>	3	5	1	<p>Когнитивтік лингвистика Психоллингвистика Тілдік қатынас негіздері Қатысымдық-танымдық әдіс</p>	<p>Лингвомәдениеттаным Жоғары мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі Тіл білімінің жаңа бағыттары Тіл білімінің философиялық мәселелері</p>	<p>Когнитивтік парадигмадағы басты принцип – антропоцентристік көзқарас, себебі тілдің функционалды-коммуникативтік жүйесінде адам басты орынға ие болатындығын, тілдің когнитивтік кеңістігінде «адам» концептісі әр түрлі тілдік бірліктер арқылы берілетіндігін меңгереді. Солардың ішінде осы концептіні көріністеуде фразеологиялық теңеулердің алатын орны ерекше екендігін, себебі олар адамның әр түрлі қыры мен сырын сипаттауда қолданылатындығын біледі.</p> <p>Тіл және концепт ұғымдарының өзіне тән белгілерін, зерттелуін, сөйлесімдегі міндеттерін біледі; Концепт ұғымының ерекшеліктерін түсінеді және концептілерді іске асыратын құралдарды меңгереді; Тілге қатысты жаһандық мәселелерді талдай алады. Тілдің танымдық қызметі арқылы қоғамдық-әлеуметтік өмір мен ғылым-білімді ұштастыра келіп, болашақ маманның дүниетанымын жетілдіріп, өзінше ой-пікір түйіндей білуді меңгеруі керек.</p> <p>«Тіл және концепт» пәнін оқу негізінде</p>

			<p>тәжірибеде дұрыс қолдана білу;</p> <p>танымдық аспектілердің бағыт-бағдарын айқындай келіп, оның басқа ғылым салаларымен байланысын зерделеу;</p> <p>танымдық аспектілерге байланысты ғылыми еңбектерді, концептуалды пікірлерді, көзқарастарды талдап, талқылай білу;</p> <p>тіл мен концептіге, танымға қатысты ұғымдарды, терминдерді, метатіл түсініктерін меңгеру;</p> <p>оларды нақты мысалдар мен деректер арқылы талдап көрсету;</p> <p>танымдық лингвистиканы оқыту барысында докторанттардың ойлау қабілетін, қоршаған ортаны зерттеп-тану қасиетін, өзіндік ой-пікірін дәлелдеп жеткізе білу дағдысын жетілдіру; олардың дүниетанымын кеңейту.</p>					<p>докторант:</p> <p>когнитивті лингвистика тіл арқылы қоршаған ортаны, адамзат қасиеттерін, қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып-білу жайында <i>білім және түсінік алады;</i></p> <p>тіл білімінің танымдық бағыттары мен аспектілерін әртүрлі қырынан ғылыми тұрғыда негіздеуді және адамның таным процесіне қатысты білімін тереңдетіп, тәжірибесін молайтып, меңгерген <i>білімін және түсінігін қолдана біледі;</i></p> <p>тіл арқылы дүние болмысын танумен қатар, тілдің танымдық қызметі жайында <i>пайымдауды қалыптастырады.</i></p>
8		<p>Ұлттық дәстүрдің тілдік бейнесі / Языковая картина национальной традиции</p>	<p>Ғылым мен техниканың дамуы ғылымның барлық салаларына, соның ішінде тіл білімінің дамуына да өз әсерін тигізуде. Қазіргі заман талабына сай лингвистикада жаңа бағыттар мен түрлі салалардың негізі салынып, дамып, тіл білімінің зерттеу нысаны кеңейе түсті. Лингвистика салалары тілді жан-жақты, ғылыми</p>			Когнитивтік лингвистика	Тіл білімінің жаңа бағыттары	<p>Бүгінгі таңда қазіргі тіл білімінде соны ғылыми бағдарлар мен жаңа бағыттағы зерттеу жұмыстары белсенді сипат иеленіп отыр. Сондықтан лингвистика ғылымында тіл мен сөйлеу фактілерін халықтың ұлттық рухани құндылықтарымен, дүниетанымы, ой әлемі және психикалық ерекшеліктерімен тығыз байланыста алып қарауға кең жол ашылуда. Қазіргі тіл білімінде ұлттың рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы кеңейе түсуде. Оның себебі: әр тіл - өз бойында ұлт тарихын, төл мәдениетін, танымы мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен салтын, дәстүрі мен даналығын тұтастықта сақтаған таңбалық жүйе. Сондықтан да қазіргі қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениет сабақтастығын, атап айтқанда,</p>

			<p>тұрғыда зерттеуге мүмкіндік ашты. Қазақ тіл білімі де жаңа бағыттардағы зерттеулермен толығу, даму үстінде. «Ғаламның тілдік бейнесі» теориясы да өз кезегінде тілдік зерттеулерге негіз болып, тілдің дамуына өз үлесін қосуда.</p>						<p>тілдің бойындағы ұлттық сипатты, ұлттық рухты тануға негізделген салалары өріс алып отыр. Осымен байланысты әлемнің тілдік бейнесін түсінуге, зерделеуге жетелейтін, оның бір бөлшегі танылатын концепт ұғымы тілдің танымдық мазмұнын, күй-қалпын айқындаушы ғылыми лингвистикалық категория ретінде қалыптасуда. Әлемнің тілдік бейнесінің бір бөлшегі болатын концептілердің адам танымында алатын орны зор.</p>
--	--	--	---	--	--	--	--	--	--

Кафедра меңгерушісі _____ Есенова Қ.